ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 01 тамыз №2301-23-00-2/1391 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Динжанова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Казына» басшысы Бағдаулет Жаңыл Нұрланқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі М.З.Қоспақова
Жауапкер Ж.Н.Бағдаулет

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 19 қаңтардағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №15 шарт 2023 жылғы 20 қаңтарда жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс берушіге қауіпті емес зиянсыз қалдықтарды шығару қызметтерін ай сайын 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін көрсетуге міндеттенген. Шарттың сомасы – 187 494 теңге.

Іс құжаттарындағы 2023 жылғы 15 маусымдағы хатта, жауапкер жеке кәсіпкер «Казына» Ж.Н.Бағдаулет, 2023 жылдың маусым айынан бастап қызмет көрсетуден бас тартатынын көрсеткен.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері тиісті түрде орындалмағанын, жауапкер қызмет көрсетуден бас тартқанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талапты қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер Ж.Н.Бағдаулет талапты мойындап, оның қанағаттандырылуына қарсылығы жоқ екенін көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен шарттың міндеттемелері ағымдағы жылдың маусым айынан бастап орындалмаған, қызмет көрсетуден бас тартқан.

АПК-тің 171-бабының 2-бөлігіне сай, жауапкердің талап қоюды мойындауы сотты дәлелдемелерді зерттеу міндетінен босатады. Талап қоюдың бөлігі мойындалған жағдайда дәлелдемелерді зерттеу жауапкердің талап қоюды мойындамаған бөлігінде ғана жүргізіледі.

Бұл жағдайда сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден 1725 теңге мемлекеттік баж мемлекет кірісіне өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117,223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 04.08.2023

Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Казына» басшысы Бағдаулет Жаңыл Нұрланқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Казына» басшысы Бағдаулет Жаңыл Нұрланқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Казына» басшысы Бағдаулет Жаңыл Нұрланқызынан мемлекеттік кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 2023 жылғы 05 қыркүйекте енді.

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 04.08.2023